

Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
әдіскері Базар А. Уразмуханбетова

Бекітіледі

№1 педагогикалық кәсіпорын

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі М. Утешева

«31» 08



**Атырау облысы білім беру басқармасының
Индер ауданы білім бөлімінің «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы
коммунальдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның
2022-2023 оқу жылындағы вариативтік жоспар**

Түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптары білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспары 3 топ бойынша алынып, ол №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Р/с	Топ атаулары	Вариативтілік тақырыптары	Мақсаты
1	«Құлыншак» ортаңғы тобы	Сиқырлы бояулар	Балалардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын қазақ халқының туындыларына деген қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ою-өрнек элементтері, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстырып, суретін салу дағдыларын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы үйрету.
2	«Аққоян» ересек тобы	Ұлттық ойынмен шыңдаламыз	Ұлттық ойын түрлері арқылы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін дамыту. Шапшаңдыққа, ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалардың қазақ халқының ұлттық ойындарына деген мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.
3	«Күншуақ» мектепалды топ	Ертегі сыр шертеді	Театр түрлерін қолдану арқылы балаларға әртүрлі жанрдағы ертегілердің мазмұнын, ондағы кейіпкерлердің іс-қимыл әрекеттерін, дауыс мәнерлерін келтіре білуді үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, тілін, сөйлеу мәдениетін, креативті ойлау белсенділіктерін дамыту. Ертегі мазмұны арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Вариативтілік іс-әрекет күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау кезінде тәрбиешінің шығармашылық шеберлігіне қарай ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жүргізіледі.

Вариативтік оқу жоспарының мақсаты:

1. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарында алынған міндеттерді жүзеге асыру.
2. Педагог қызметкерлердің шығармашылық ізденістерімен жаңашылдық бағыттағы педагогикалық технологияларды тиімді қолдану шеберліктерін дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарындағы міндеттердің бірі:

1. Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын ойын түріндегі түрлі іс-әрекеттер арқылы жан-жақты дамыту педагогикалық технологияларды тиімді қолдану.

Осы мақсатта тәрбиешілер күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін және олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескеріп, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тақырыптар алды.

Жоспарлы жұмыстарды жүйелі жүргізу нәтижесінде:

- Балалардың шығармашылық қабілеттері ашылады, «мен» деп өзіндік ой-пікірін айтып, кері байланыс жасай біледі;
- Топпен жұмыс жасап, бір-бірінің жұмысын бағалай біледі;
- Қазақ халқының ұлттық және отбасы құндылықтары жөнінде таным-түсініктері кеңейеді;
- Ана тілін құрметтеп, Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қалыптастыру бағытында аталған нәтижелерге жету мақсатында тәрбиешілер үнемі жаңашылдық ізденіспен, дені сау, саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет,